

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological Sciences»
№4 (94), 2025**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological Sciences»
№4 (94), 2025**

Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы
№4 (94), 2025 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
PhD, зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Сұлтан Е.
Бас редактордың орынбасары:
филол.ғ.д., проф. Абишева С.Д.
Ғылыми редактор:
филол.ғ.д., проф. Есенова К.У.

Редакциялық алқа:
филол.ғ.к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.
филол.ғ.к., қауымд. проф. Жиренов С.А.
филол.ғ.д., проф. Османова З.Ж.
әл-Фараби ат. ҚазҰУ
филол.ғ.к., қауымд. проф.
Джолдасбекова Б.У.
пед.ғ.д., проф., әл-Фараби ат. ҚазҰУ
Салханова Ж.Х.
филол.ғ.д., проф., ҚазҰҚызПУ
Книнова Ж.К.
PhD, қауымд. проф.м.а., ТЖүргенов ат.
Қазақ ұлттық өнер академиясы
Жалалова А.М.
филол.ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті

Бахтикереева У.М. (Ресей)
филол.ғ.д., доцент, Таулы Алтай мемлекеттік университеті
Алексеев П.В. (Ресей)
филол.ғ.д., проф., Варминь-Мазур университеті
Киклевич А.К. (Польша)
PhD, проф., Джордж Вашингтон университеті
Роллберг П. (АҚШ)
PhD, проф., Орталық Ланкашир университеті
Табачникова О.М. (Ұлыбритания)

Жауапты хатшы:
PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.
Техникалық хатшы:
PhD, қауымд. проф. Сабинова Д.А.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2025

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 30.12.2025 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 17,5 е.б.т.
Тапсырыс 572.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

- Абдиева Г.М., Серкебаева Г.И.** Концептуализация новых социальных феноменов в современной лингвокультуре..... 5
- Абдиева Г.М., Серкебаева Г.Ы.** Қазіргі лингвомәдениеттегі жаңа әлеуметтік феномендерді концептуалдау
Abdiyeva G.M., Serkebayeva G.I. Conceptualization of new social phenomena in modern linguoculture
- Зарипова М.К., Смагулова Б.А.** Тенденции негативной оценки в узбекских и русских пословицах..... 15
- Зарипова М.К., Смагулова Б.А.** Өзбек және орыс мақалдарындағы теріс бағалау тенденциялары
Zaripova M.K., Smagulova B.A. Negative evaluation trends in Uzbek and Russian proverbs
- Өнерхан Н.** Қазақ, моңғол тілдеріндегі «бас» метафорасы туралы..... 26
- Унерхан Н.** Метафора «голова» в казахском и монгольском языках
Unyerkhan N. About the "head" metaphor in the Kazakh and Mongolian languages
- Раджапова Н.Б., Онгарбаева А.Т.** Отражение социокультурных изменений в гендерной лексике разносистемных языков..... 34
- Раджапова Н.Б., Онгарбаева А.Т.** Түрлі жүйелі тілдердің гендерлік сөздік құрамындағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің көрінісі
Radzhapova N.B., Ongarbaeva A.T. Reflection of socio-cultural changes in the gender vocabulary of languages with different systems
- Saurbayev R.Zh., Yerekhanova F.T.** Structural expansion of a simple sentence through the parallel constructions in modern English..... 40
- Саурбаев Р.Ж., Ереханова Ф.Т.** Қазіргі ағылшын тіліндегі параллельді конструкцияларды қолданудағы жай сөйлемнің құрылымдық кеңеюі
Саурбаев Р.Ж., Ереханова Ф.Т. Структурное расширение простого предложения с помощью параллельных конструкций в современном английском языке
- Токсанбаева Т.Ж., Тлеулесова А.Ш., Ахметова Б.З.** Қазақ тілінің дамуы контексіндегі үштілділік: лингвистикалық ерекшеліктері мен трансформациясы..... 46
- Токсанбаева Т.Ж., Тлеулесова А.Ш., Ахметова Б.З.** Трехъязычие в контексте развития казахского языка: лингвистические особенности и трансформация
Toxanbayeva T.Zh., Tleulesova A.Sh., Akhmetova B.Z. Trilingualism in the context of the development of the Kazakh language: linguistic features and transformation

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки» №4 (94), 2025 г.

Периодичность – 4 номера в год
Выходит с 2000 года.

Главный редактор
PhD, проректор по исследованиям и инновациям Сұлтан Е.

Зам. гл. редактора
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Научный редактор
д.филол.н., проф. Есенова К.У.

Редакционная коллегия:

к.филол.н., ассоц. проф. Сатмирова Д.А.

к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.

к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.

д.филол.н., проф.

КазНУ им. аль-Фараби Джолдасбекова Б.У.

д.пед.н., проф. КазНУ им. аль-Фараби

Салханова Ж.Х.

д.филол.н., проф. КазНУиЖенПУ

Кынова Ж.К.

PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ им.

Т.Жургенова Жалалова А.М.

д.филол.н., проф., РУДН

Бахтикереева У.М. (Россия)

д.филол.н., доцент, Горно-Алтайский

государственный университет

Алексеев П.В. (Россия)

д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский

университет Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Университет Джорджа

Вашингтона Роллберг П. (США)

PhD, проф., Университет Центрального

Ланкашира Табачникова О.М.

(Великобритания)

Ответственный секретарь:

PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:

PhD, ассоц.проф. Сабирова Д.А.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2025

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации
РК

8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 30.12.2025 г.
Формат 60x84 1/8. Объем 17,5 уч-изд.л.
Заказ 572.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского
национального педагогического
университета им. Абая

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERARY STUDIES

Алламуратова А.Ж., Алламуратова, Г.Ж. Символика визуального компонента создания образа в произведениях «Атака титанов» Хадзимэ Исаямы, «Поднятие уровня в одиночку» Чу-Гонга, «Основатель темного пути» Мосян Тунсю..... 60

Алламуратова А.Ж., Алламуратова Г.Ж. Хадзимэ Исаяманың «Титандар шабуылы», Чу-Гонгтың «Деңгейді жалғыз көтеру», Мосян Тунсюдың «Қараңғы жол негізін салушы» шығармаларында бейнені жасаудың көрнекі компонентінің символикасы

Allamuratova A.J., Allamuratova G.J. The symbolism of the visual component of image creation in the works "Attack on Titan" by Hajime Isayama, "Raising the Level Alone" by Chugong, "The Founder of the Dark Path" by Moxiang Tongxiu

Аралтай М.А., Жұмақаева Б.Д. Қазақ фэнтезиінің әдеби процесітегі орны мен болашағы..... 74

Аралтай М.А., Жұмақаева Б.Д. Место и будущее казахского фэнтези в литературном процессе

Araltai M.A., Zhumakayeva B.D. The place and future of Kazakh fantasy in the literary process

Кудайберген А.Т., Ибраева А.Д. Интермәтін поэтикасының көркем мәтіндегі қызметі..... 81

Кудайберген А.Т., Ибраева А.Д. Поэтика интертекста в художественном тексте

Kudaibergen A.T., Ibraeva A.D. The poetics of intertext in a literary text

Насирдинов Б.П., Өмірзақов С.Д., Бибулова М.А. М.Мырзахметұлы зерттеулеріндегі Абайдың «Толық адам» ілімі..... 87

Насирдинов Б.П., Умирзаков С.Д., Бибулова М.А. Наука Абая «Нравственная личность» в исследованиях М. Мырзахметұлы

Nasirdinov B.P., Umirzakov S.D., Bibulova M.A. Science of Abai "Moral personality" in the researches of M. Myrzakhmetuly

Сейтова Л.М. Мотив ностальгии и образ Казахстана на материале рассказов Светланы Фельде..... 97

Сейтова Л.М. Светлана Фельде оқиғаларының негізіндегі сағыныш мотиві мен Қазақстанның бейнесі

Seitova L.M. The motif of nostalgia and the image of Kazakhstan based on the story of Svetlana Felde

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ
PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Aben A. A review of language adaptation issues of kazakh students from China in Kazakhstan..... 106

Әбен А. Қазақстандағы Қытайдан келген қазақ студенттерінің тілге бейімделу мәселелеріне шолу

**Abai Kazakh National
Pedagogical University**

BULLETIN
Series "Philological Sciences"
No. 4 (94), 2025.

Periodicity – 4 issues per year.
Published since 2000.

Editor-in-chief

PhD, Vice-Rector for Research and Innovation
Sultan E.

Deputy editor-in-chief

Doctor of Phil. Sciences, Prof. Abisheva S.

Scientific editor

Doctor of Phil. Sciences, Prof. Essenova K.

Editorial board

Candidate of Phil. Sciences, Assoc. Prof.

Satemiroya D.

Candidate of Phil. Sciences, Assoc. Prof.

Zhirenov S.

Candidate of Phil. Sciences, Assoc. Prof.

Osmanova Z.

*Dr of Phil. Sciences, Prof., Al-Farabi Kazakh
National University* **Dzholdasbekova B.**

*Doctor of Ped. Sciences, Prof., Al-Farabi
Kazakh National University* **Salkhanova Zh.**

*Doctor of Phil. Sciences, Prof.,
Kazakh National Women's Teacher Training
University* **Kiynova Zh.**

*PhD, Assoc. Prof., T. Zhurgenov Kazakh
National Academy of Arts* **Zhalalova A.**

Dr of Phil. Sciences, Prof., RUDN

Bakhtikireeva U. (Russia)

*Doctor of Phil. Sciences, Assoc. Prof., Gorno-
Altaysk State University* **Alekseyev P.** (Russia)

*Dr of Phil. Sciences, Prof., University of
Warmia and Mazury* **Kiklewicz A.** (Poland)

PhD, Prof., George Washington

University **Rollberg P.** (USA)

PhD, Prof., University of Central Lancashire
Tabachnikova O. (The United Kingdom)

Executive Secretary

PhD, Assoc. prof. **Serikova S.**

Technical Secretary

PhD, Assoc. prof. **Sabirova D.**

©Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2025

Registered in the Ministry of Culture and
Information of the Republic of Kazakhstan
8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 30.12.2025.
Format 60x84 1/8. Volume 17,5
teaching and publishing lists. Order 572.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh
National Pedagogical University

Абен А. Обзор проблем языковой адаптации казахских студентов из Китая в Казахстане

Сарымсақ К.Т., Тлеубекова Б.Т. Комикс арқылы оқыту: клиптік ойлауға бейімделген ұрпақ..... 117

Сарымсақ К.Т., Тлеубекова Б.Т. Обучение через комиксы: поколение, адаптированное к критическому мышлению
Sarymsak K.T., Tleubekova B.T. Teaching through comics: a generation adapted to critical thinking

Оспанова А.К., Дуранли М. К. Тоқаевтың «Арнаулы тапсырма» повесінің тәрбиелік мәні..... 125

Оспанова А.К., Дуранли М. Воспитательное значение повести К. Токаева «Особое поручение»

Osmanova A.K., Duranli M. The educational value of K. Tokaev's novella "Special assignment".

Біздің авторлар..... 134

Наши авторы..... 136

Our authors..... 138

in English-Kazakh translations. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 10(2), 203–214. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10217>

4. Gupta N. (2023). English language policy in multilingual societies: Challenges and opportunities. *Journal of International English Research Studies (JIERS)*, 1(2), 46–53.

5. Rakhmetova A.T., Jumadildinova J.S., Bogdanova A.A. (2023). Linguistic identity: Essence and originality in the modern socio-cultural context. *Vestnik Karagandinskogo universiteta*, 112(4). <https://doi.org/10.31489/2023ph4/108-116>

6. Simamora E.Z., Simamora N.J., & Tarigan K.J. (2025). Sentence types and sentence structure in Brad Bird's *The Incredibles*. *Metholanguae: Language Teaching and Literature, Linguistics and Literature*, 9(2). Retrieved from <https://ejournal.methodist.ac.id/index.php/metholanguae/article/view/3937>

7. Jose L.S. (2024). Semantic evolution in the Psalms: A diachronic analysis of linguistic transformations. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 10(3), 206–215. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10319>




8. Vorobyeva E.N. (2023). Syntaksicheskiy parallelizm v angliyskoy dialogicheskoy rechi [Syntactic parallelism in English dialogic speech]. *Filologicheskiy aspekt: mezhdunarodnyy nauchno-prakticheskiy zhurnal*, 8(100). Retrieved August 31, 2023, from <https://scipress.ru/philology/articles/sintaksicheskiy-parallelizm-v-anglijskoj-dialogicheskoy-rechi.html> [in Russian]

9. Xefteri V., Vieira T., Cotterell R., Amini A. (2025). Syntactic control of language models by posterior inference. In *Findings of the Association for Computational Linguistics: ACL* (pp. 25350–25365). Vienna, Austria: Association for Computational Linguistics.

10. Startari Agustin V. (2025). *Grammars of Power: How Syntactic Structures Shape Authority*. <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.5337803>

FTAMP 16.21.21.

10.51889/2959-5657.2025.94.4.006

*Токсанбаева Т.Ж.¹ , Тлеулесова А.Ш.² , Ахметова Б.З.³ 
^{1,2,3}С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана, Қазақстан
*e-mail: tlesha66@mail.ru
e-mail: tleulesova.ardak@mail.ru
e-mail: bigaisha@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДАМУЫ КОНТЕКСІНДЕГІ ҮШТІЛДІЛІК: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада үштілділік тұжырымдамасын іске асыруға бағытталған Қазақстан Республикасының Қазіргі тіл саясаты контекстінде қазақ тілінің дамуы қарастырылады. Қазақ тілінің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін және сонымен бірге оның жүйесіндегі трансформациялық процестерді тудыратын социолінгвистикалық құбылыс ретінде үштілділік құбылысы талданады. Тілдің лингвистикалық құрылымындағы өзгерістерге, терминологиялық базаны қалыптастыруға және жаңартуға, тілдік нормаларды тұрақтандыруға, сондай-ақ көптілді орта жағдайында жастардың тілдік санасының қалыптасуына ерекше назар аударылады. Мақалада жаһандану жағдайында қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретіндегі үштілділіктің рөлі ғылыми негізделеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап жүргізіліп келе жатқан мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтуға, ұлтаралық қарым-қатынас құралы ретінде орыс тілінің функцияларын сақтауға және халықаралық коммуникация тілі

ретінде ағылшын тілін дамытуға бағытталған тіл саясаты Қазақстанның әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке интеграциялануына ықпал ететіні атап өтілді.

Түйін сөздер: қазақ тілі, үштілділік, жаһандану, тілдік трансформация, лингвистикалық ерекшеліктер, тілдік сана, терминология

*Токсанбаева Т.Ж.¹ , Тлеулесова А.Ш.² , Ахметова Б.З.³ 

^{1,2,3}Каззахский агротехнический исследовательский университет имени Сакена Сейфуллина
Астана, Казахстан

*e-mail: tlesha66@mail.ru

e-mail: tleulesova.ardak@mail.ru

e-mail: bigaisha@mail.ru

ТРЕХЪЯЗЫЧИЕ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА: ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ И ТРАНСФОРМАЦИЯ

Аннотация

В статье рассматривается развитие казахского языка в контексте современной языковой политики Республики Казахстан, ориентированной на реализацию концепции трехъязычия. Анализируется феномен трехъязычия как социолингвистическое явление, способствующее расширению функциональных возможностей казахского языка и одновременно порождающее трансформационные процессы в его системе. Особое внимание уделяется изменениям в лингвистической структуре языка, формированию и обновлению терминологической базы, стабилизации языковых норм, а также становлению языкового сознания молодежи в условиях многоязычной среды. В статье научно обосновывается роль трехъязычия как фактора повышения конкурентоспособности казахского языка в условиях глобализации. Подчеркивается, что проводимая с первых лет независимости языковая политика, направленная на укрепление статуса государственного языка, сохранение функций русского языка как средства межнационального общения и развитие английского языка как языка международной коммуникации, способствует интеграции Казахстана в мировое образовательное и научное пространство.

Ключевые слова: казахский язык, трехъязычие, глобализация, языковая трансформация, лингвистические особенности, языковое сознание, терминология

*Toxanbayeva T.Zh.¹ , Tleulesova A.Sh.² , Akhmetova B.Z.³ 

^{1,2,3} S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University
Astana, Kazakhstan

*e-mail: tlesha66@mail.ru

e-mail: tleulesova.ardak@mail.ru

e-mail: bigaisha@mail.ru

TRILINGUALISM IN THE CONTEXT OF THE DEVELOPMENT OF THE KAZAKH LANGUAGE: LINGUISTIC FEATURES AND TRANSFORMATION

Abstract

The article examines the development of the Kazakh language in the context of the modern language policy of the Republic of Kazakhstan, focused on the implementation of the concept of trilingualism. The phenomenon of trilingualism is analyzed as a sociolinguistic phenomenon that contributes to the expansion of the functional capabilities of the Kazakh language and at the same time generates transformational processes in its system. Special attention is paid to changes in the linguistic structure of the language, the formation and updating of the terminological base, the stabilization of linguistic

norms, as well as the formation of linguistic consciousness of young people in a multilingual environment. The article scientifically substantiates the role of trilingualism as a factor in increasing the competitiveness of the Kazakh language in the context of globalization. It is emphasized that the language policy pursued since the first years of independence, aimed at strengthening the status of the state language, preserving the functions of the Russian language as a means of international communication and developing English as a language of international communication, contributes to the integration of Kazakhstan into the global educational and scientific space.

Keywords: Kazakh language, trilingualism, globalization, linguistic transformation, linguistic features, linguistic consciousness, terminology

Кіріспе. ХХІ ғасыр – жаһандану дәуірі. Әлем халықтарының экономикалық, саяси, мәдени және ғылыми байланыстары кеңейіп, жаңа деңгейге көтерілді. Бұл үдерісте тілдер арасындағы өзара ықпал ерекше маңызға ие. Әсіресе, Қазақстан жағдайында көпұлтты қоғамдағы тіл саясатының дұрыс бағытта жүргізілуі мемлекеттің бірлігі мен болашағына тікелей әсер ететіні белгілі.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға, сонымен қатар ұлтаралық қатынастағы орыс тілінің және халықаралық қарым-қатынастағы ағылшын тілінің орнын айқындауға бағытталған тіл саясаты жүргізіліп келеді. Соның айқын көрінісі – үштілділік саясаты. Бұл бастама Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілетті елге айналуына, жас ұрпақтың әлемдік деңгейде білім мен ғылымды игеруіне жол ашады.

Алайда үштілділік мәселесі тек әлеуметтік немесе саяси құбылыс қана емес, сонымен бірге лингвистикалық тұрғыдан да терең зерттеуді қажет етеді. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде ұлттық бірегейліктің тірегі, қоғамдық қатынастың басты құралы. Сондықтан үштілділік жағдайында қазақ тілінің дамуы, оның лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік ерекшеліктері мен трансформациясы өзекті ғылыми тақырып болып отыр.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін тіл саясаты мемлекеттің ең өзекті бағыттарының біріне айналды. 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңда қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін иеленді, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде танылды, ал кейінгі кезеңде ағылшын тілін дамытуға ерекше мән берілді [1].

Үштілділік саясатының жүзеге асырылуы қоғамда көптеген пікірталастар туындатты. Бір жағынан, бұл үрдіс Қазақстанды халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті етуге ықпал етеді. Екінші жағынан, қазақ тілінің болашағына қатысты аландаушылық та жоқ емес. Осыған байланысты үштілділіктің қазақ тіліне тигізетін әсерін, лингвистикалық тұрғыдан ерекшеліктерін талдау – қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі.

Қазақ тілі өзінің даму барысында бірнеше тарихи кезеңдерді бастан кешірді: көне түркі жазба дәстүрі, орта ғасырлардағы әдеби тіл, Абай мен Ыбырай кезеңіндегі ұлттық жаңғыру дәуірі, кеңестік кезеңдегі орыс тілімен ықпалдасу, ал тәуелсіздік жылдарында жаһандану мен көптілділік жағдайында жаңаша даму бағыты. Үштілділік саясаты осы даму процесінің жаңа бір белесі болып саналады [2].

Қазақстан – көпэтносты мемлекет. Ел халқының құрамында жүзден астам этнос өкілдері бар. Осындай жағдайда тілдік саясаттың үйлесімді жүргізілуі қоғамдағы тұрақтылық пен бірліктің кепілі болып табылады.

Кезінде «Тілдердің үштұғырлылығы» жобасы ретінде кеңінен жүзеге асырылған тұжырымдамалық бағыттың негізгі мақсаты – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін нығайту, орыс тілінің қызметін сақтау, ағылшын тілін игеру арқылы қазақстандықтардың әлемдік өркениетке еркін енуіне жол ашу болды.

Үштілділік саясатында қазақ тілі басымдыққа ие. Себебі ол – мемлекеттің ресми тілі әрі ұлттық бірегейліктің басты көрсеткіші. Соңғы жылдары мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңейді: білім беру жүйесінде, мемлекеттік басқаруда, бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінің үлесі артып келеді.

Дегенмен, қазіргі кезеңде қазақ тілінің толыққанды мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуі үшін шешімін таппаған мәселелер де бар. Бірқатар салаларда ресми құжат айналымы әлі де орыс тілінде жүргізіледі, ғылыми еңбектердің едәуір бөлігі орысша жазылады. Бұл қазақ тілінің дамуын тежейтін факторлардың бірі.

Қазақстанда үштілділік саясаты ең алдымен білім беру жүйесінде жүзеге асырылуда. Мектептерде қазақ, орыс және ағылшын тілдері қатар оқытылады. Жоғары оқу орындарында кейбір мамандықтар бойынша пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі. Бұл үрдіс жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталғанымен, қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі қызметін жетілдіруді қажет етеді.

Қоғамдық өмірде үш тілдің қатар қолданылуы адамдардың тілдік санасына әсер етуде. Қалалық ортада қазақ, орыс және ағылшын тілдері араласқан сөйлеу үлгілері жиі кездеседі. Мұндай құбылысты кейбір зерттеушілер тілдердің өзара ықпалы ретінде қарастырса, енді бір ғалымдар мемлекеттік тілдің басымдығына нұқсан келтірмеуі тиіс деп санайды.

Бұл жерде айтпағымыз, үштілділік саясаты Қазақстан қоғамының тілдік кеңістігіне елеулі өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістер қазақ тілінің дамуына да, оның мәртебесін нығайтуға да ықпал етуде. Дегенмен, үштілділіктің тиімді жүзеге асуы қазақ тілінің жетекші рөлін қамтамасыз еткен жағдайда ғана мүмкін болмақ.

Тақырыптың өзектілігі. Қазақстандағы тілдік саясаттың басты бағыты – мемлекеттік тілдің қоғамдағы қызмет аясын кеңейту және үштілділікті үйлесімді дамыту. Бұл тұрғыдан алғанда, үштілділік тек білім беру саласына ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікке де ықпал етуде. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің өзара қарым-қатынасы бүгінгі таңда қоғамның барлық саласында көрініс табады [3].

Үштілділік саясатының өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады:

Біріншіден, жаһандану дәуірінде көптілділік – әлемдік ғылым мен инновацияға қол жеткізудің басты құралы. Ағылшын тілін меңгеру жастарға халықаралық білім мен ақпаратқа ашық болуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, Қазақстандағы көпұлтты қоғамда орыс тілінің орны әлі де зор. Ол – ұлтаралық қатынас пен ресми коммуникацияның маңызды құралы.

Үшіншіден, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілі – ұлттық бірегейліктің негізі, мемлекеттіліктің басты нышаны. Сондықтан үштілділікті дамыту барысында қазақ тілінің басымдығын сақтау ерекше маңызға ие [4].

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, үштілділік қазақ тіліне жаңа сипаттар әкелуде. Мәселен, код-ауысым (code-switching) құбылысы жастардың сөйлеу тілінде жиі байқалады. Қазақ тіліндегі жаңа лексикалық бірліктер ағылшын тілінен тікелей енуде (мысалы: «онлайн сабақ», «чат», «маркетинг»). Сондай-ақ орыс тілінен бұрыннан орныққан кірме сөздер жаңа мазмұнмен толықтырылуда. Бұл жағдай қазақ тілінің сөздік қорын байыта отырып, сонымен бірге тілдік норманың тұрақтылығына қатысты сұрақтар туындатады [5].

Үштілділік саясатының ғылыми өзектілігі – қазақ тілінің жаңа әлеуметтік-лингвистикалық жағдайда трансформациялануын зерделеу. Бұл зерттеу қазақ тілінің болашақ даму үрдісін болжауға, жаңа лексикалық және грамматикалық құрылымдардың қалыптасуын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазақ тілінің үштілділік жағдайындағы ерекшеліктерін зерттеу тек теориялық қана емес, практикалық тұрғыдан да маңызды. Себебі ол мемлекеттік тілдің білім беру жүйесіндегі, бұқаралық ақпарат құралдарындағы, ресми құжат айналымындағы және күнделікті қарым-қатынастағы орны мен рөлін нақтылауға септігін тигізеді.

Әдістер мен материалдар. Бұл зерттеудің материалы ретінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген жазба мәтіндер, ресми құжаттар, мерзімді баспасөз беттері, ғалам-тордағы ақпараттық ресурстар, сондай-ақ жастарымыздың ауызекі сөйлеу үлгілері негізге алынып отыр. Әсіресе, үштілділік жағдайында қалыптасқан жаңа лексикалық бірліктер мен код-ауысым құбылыстарын айқындау үшін әлеуметтік желілер мен оқу орындарындағы тілдік тәжірибелік деректер пайдаланылды.

Зерттеудің әдістемелік негізін қазіргі тіл біліміндегі салыстырмалы-талдау, құрылымдық-лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, когнитивтік және статистикалық әдістер құрайды.

Салыстырмалы-талдау әдісі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Құрылымдық әдіс үштілділік жағдайында қазақ тілінде пайда болған жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің құрылымын сипаттау үшін қолданылды.

Әлеуметтік-лингвистикалық әдіс жастардың сөйлеуіндегі код-ауысым мен тілдік интерференция құбылыстарын анықтауда тиімді болды.

Когнитивтік әдіс үштілді ортадағы тілдік сананың ерекшеліктерін түсіндіруге бағытталды.

Статистикалық әдіс жиналған деректерді сандық тұрғыдан талдау үшін пайдаланылды.

Зерттеу барысында халықаралық тәжірибелер де ескерілді. Көптілділік құбылысы Еуропа елдерінде, Канада мен Сингапур сияқты мемлекеттерде жан-жақты зерттелген. Бұл елдердің тәжірибесін Қазақстан жағдайымен салыстыру отандық үштілділік саясатының ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді [6].

Сонымен қатар, қазақ тіліндегі жаңа лексикалық қабаттарды зерттеу үшін қазіргі электрондық корпустар мен сөздіктер, орыс және ағылшын тілдеріндегі заманауи терминологиялық базалар пайдаланылды. Бұл деректер қазақ тіліне еніп жатқан кірме сөздердің құрылымын, мағынасы мен қолданылу аясын нақты талдауға мүмкіндік берді.

Осылайша, зерттеу әдістемесі кешенді сипатта болып, тілдік материалдарды көпқырлы тұрғыдан қарастыруға негізделді. Бұл қазақ тілінің үштілділік жағдайындағы трансформациясын толыққанды сипаттауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау. Зерттеу барысында үштілділік саясатының қазақ тіліне тигізген әсері мен оның лингвистикалық ерекшеліктері айқындалды.

Үштілділік контекстінде қазақ тілінің ең айқын өзгеріске ұшырап отырған саласы – лексика. Жаһандану дәуірінде жаңа ұғымдар, жаңа технологиялар мен мәдениеттердің енуі қазақ тілінің сөздік қорына елеулі ықпал жасады. Әсіресе ағылшын тілі арқылы келген халықаралық терминдер мен орыс тілі арқылы орныққан кірме сөздер қазақ қоғамында кеңінен қолданысқа түсті.

Соңғы онжылдықта қазақ тілінің сөздік қорына ағылшын тілінен енген терминдер ерекше қарқынмен көбейіп отыр. Ақпараттық технологиялар, экономика, бизнес, ғылым салаларында ағылшын тіліндегі атаулар жиі қолданылады: онлайн, офлайн, сайт, блог, пост, маркетинг, менеджмент, инновация, презентация т.б.

Бұл сөздер бастапқыда сол күйінде қолданылғанымен, уақыт өте келе қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық заңдылықтарына бейімделіп келеді. Мысалы: чаттасу, посттау, лайктау, стористеу, сканерлеу. Мұндай бейімделу қазақ тілінің икемділігін көрсетеді.

Қазақстандағы көпұлтты қоғам жағдайында орыс тілінің ықпалы да айқын сезіледі. Көптеген халықаралық терминдер қазақ тіліне орыс тілі арқылы енді: компьютер, интернет, институт, факультет, аудитория, документ. Бұл сөздердің бір бөлігі сіңісіп, қазақ тілінің төл лексикасына айналды десе болады.

Сонымен қатар, кейбір сөздер баламасы бола тұра орысша нұсқасында жиі қолданылады. Мысалы: мероприятие орнына «іс-шара», должность орнына «қызмет», учеба орнына «оқу» сөздері бар. Мұндай жағдайда қазақша баламаларды насихаттау және ресми айналымға енгізу маңызды.

Қазақ тілінің сөздік қоры үштілді ортада жаңа элементтермен толығып отыр. Ағылшын тілінен тікелей енген сөздер («онлайн», «челлендж», «маркетинг», «коучинг») қазақ тілінің белсенді қолданысына еніп, жастар тілінде жиі кездеседі. Бұған қоса, орыс тілінен енген кірме сөздер бұрынғыдан да кеңейіп, ресми және бейресми қарым-қатынаста орныққан. Бұл құбылыс қазақ тілінің сөздік құрамының дамуына ықпал етіп қана қоймай, сонымен бірге жаңа терминологиялық жүйелердің қалыптасуына негіз болып отыр [7].

Жаңа кірме сөздер қазақ тілінің сөздік қорын байытып, оны халықаралық деңгейде дамуға бейімдеуде. Бұл – тілдің табиғи дамуының заңды құбылысы. Дегенмен, кірме сөздердің шектен тыс қолданылуы қазақ тілінің өзіндік болмысына қауіп төндіреді. Әсіресе жастар арасында үш тілдің аралас қолданылуы (code-mixing) тілді нормадан ауытқуға итермелеуі мүмкін.

Сондықтан тіл саясатының басты міндеті – кірме сөздерді ғылыми тұрғыда жүйелеп, олардың қазақша баламаларын қалыптастыру. Бұл бағытта Қазақстанда көптеген терминологиялық комиссиялар жұмыс істеп келеді. Мәселен, соңғы жылдары жүздеген жаңа термин қазақша бекітілді: қолжетімділік (доступ), ұшақжай (аэропорт), атқарушы орган (исполнительный орган).

Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер көбіне жастар тілі арқылы тез таралады. Әлеуметтік желілерде лайктау, стористеу, коммент жазу сияқты қолданыстар жиі кездеседі. Бұлар қазақ тілінің сөзжасам мүмкіндіктерін кеңейтіп, жаңа ұрпаққа жақын сөйлеу үлгісін қалыптастыруда.

Сондай-ақ, кәсіби ортада тимбилдинг, нетворкинг, стартап, креатив секілді сөздер жиі ұшырасады. Олардың кейбірі қазақша баламаға ие болса да (шығармашылық – креатив, жаңа бастама – стартап), түпнұсқалық нұсқасы әлі де басым қолданылады.

Үштілділік жағдайында қазақ тілінің лексикалық деңгейдегі өзгерістері – табиғи әрі заңды құбылыс. Бұл үрдіс қазақ тілінің жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайға бейімделуін көрсетеді. Дегенмен, тілдің ұлттық болмысын сақтап қалу үшін ғылыми негізделген терминологиялық жұмыстарды күшейту қажет.

Зерттеушілер пікірінше, кірме сөздердің көптеп енуі қазақ тілін әлсіретпейді, керісінше, оны жаңа мәдени-әлеуметтік жағдайға бейімдеуге мүмкіндік береді [8]. Бұл үрдіс – қазақ тілінің жаһандану дәуіріндегі табиғи даму жолының көрінісі.

Қазақ тілінің негізгі грамматикалық жүйесі үштілділік жағдайында тұрақты сақталуда. Лексикалық деңгейде өзгерістер байқалғанымен, морфологиялық және синтаксистік құрылымдарда елеулі трансформация болған жоқ. Бұл қазақ тілінің ішкі заңдылықтарының мықтылығын көрсетеді. Алайда кейбір сөйлемдерде орыс тілінің синтаксистік моделін қайталау («Мен бардым магазинге», «Ол звондады маған») жиі кездеседі [9].

Қазақ тілінің морфологиялық жүйесі – сөздерді түрлендіру мен жаңа сөздер жасауға өте икемді. Үштілділік жағдайында орыс және ағылшын тілдерінен енген кірме сөздер қазақ тілінің заңдылықтарына бейімделіп, жаңа тұлғаларға ие болып отыр. Бұл құбылыс қазақ тілінің икемділігін ғана емес, сонымен қатар оның табиғи даму қабілетін де көрсетеді.

Ағылшын тілінен енген чат, пост, лайк, сканер сияқты сөздер қазақ тілінде етістік жасау жұрнақтары арқылы жаңа тұлғада қолданылады: чаттасу, посттау, лайктау, сканерлеу. Мұндай бейімделу қазақ тілінің сөзжасам мүмкіндіктерін айқын көрсетеді.

Сонымен қатар, қазақ тілінің көптік, септік, жіктік жалғаулары кірме сөздерге еркін жалғана береді: чаттар, посттарың, лайктадық, сканерледім. Бұл – морфологиялық жүйенің ашықтығы мен икемділігінің дәлелі.

Сөзжасамдағы икемділік, қазақ тілінде кірме түбірлерден жаңа туынды сөздер жасалуда:

Менеджер – менеджерлік;

Маркетинг – маркетингтік;

Файл – файлдау, файлдық;

Онлайн – онлайндық, онлайндау.

Бұл құбылыс қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің өнімді екенін дәлелдейді. Яғни, тіл өзге тілден енген элементтерді бейімдеу арқылы өзіндік ұлттық сипатқа икемдеп отырады.

Орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінде бұрыннан орнығып, морфологиялық жағынан толық сіңіскен. Мысалы: заводтар, институттар, документтер, газетім, кітапханасы. Бұл сөздер бүгінде қазақ тілінің төл сөздерінен еш айырылмайды. Дегенмен, орыс тілінен калька жолымен енген кейбір тіркестер қазақ тілінің заңдылығына сай келмейді. Мысалы: құжат айналымы орнына «құжат айналысы», жылыту сезоны орнына «жылыту маусымы» деген дұрыс нұсқалар ұсынылады.

Морфологиялық трансформацияның әлеуметтік әсері негізінде жастардың тілінде жаңа тұлғалар ерекше белсенді қолданылады. Әлеуметтік желілерде посттадым, стористедім, лайктап қойдым деген тіркестер жиі кездеседі. Бұл құбылыс ресми тіл нормасына толық ене қоймағанымен, бейресми сөйлеуде қалыпты жағдайға айналып үлгерді.

Сонымен бірге қазақ тілінде бұрыннан бар сөзжасам үлгілері арқылы баламалар жасалып жатыр: жүктеу (скачать), көшіріп алу (копировать), бейнежазба (видеоролик). Мұндай тәсіл тілдің өз табиғатын сақтауға септігін тигізеді.

Морфологиялық бейімделу – қазақ тілінің өміршендігін көрсететін маңызды фактор. Шетелдік сөздер қазақ тілінің заңдылықтарына икемделе отырып, жаңа сөздер жасауға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс қазақ тілінің табиғи дамуын қамтамасыз етеді. Дегенмен, ғылыми негізде қалыптасқан нормаларды сақтау маңызды.

Зерттеулер көрсеткендей, қазақ тілі морфологиялық тұрғыда жаңа сөздерді өзіне сіңіре алады, бірақ синтаксистік кальканың артықшылығы жоқ. Сондықтан тіл мамандары қазақ тіліндегі сөйлем құрылымының ұлттық ерекшеліктерін сақтап, жаңа сөздерді игеру жолдарын ғылыми негізде реттеуді маңызды деп есептейді [10].

Келесі кезекте қазақ тілінің синтаксистік трансформациялануына тоқталсақ, қазақ тілінің құрылымдық жүйесінде үштілділік саясатының әсерінен синтаксистік деңгейде де өзгерістер байқалады. Бұл өзгерістер негізінен орыс және ағылшын тілдерінің ықпалымен байланысты. Қазақ тілі өз табиғаты бойынша жалғамалы тіл болса, орыс және ағылшын тілдері флективті тілдер қатарына жатады. Осы айырмашылық тілдердің өзара ықпалында ерекше көрініс табады.

Орыс тілінің ықпалы қазақ тіліндегі сөйлем құрау тәсілінде жиі байқалады. Калька тәсілі арқылы орысша құрылымдар қазақша сөйлемге тікелей көшіріледі:

Шешу керек бұл мәселені (орыс тіліндегі «Решить нужно эту проблему»); Маған бару керек магазинге (орыс тіліндегі «Мне нужно идти в магазин»); Сен звонда оған (орыс тіліндегі «Ты позвони ему»).

Мұндай сөйлемдер қазақ тілінің табиғи синтаксисіне жат болғанымен, күнделікті сөйлеу тілінде жиі кездесіп жүр. Бұл құбылыс әсіресе, қала тұрғындарының сөйлеу мәдениетінде айқын байқалады.

Ал ағылшын тілінің ықпалы хақында айтар болсақ, ағылшын тілінің ықпалы көбінесе қысқа, ықшам құрылымдар арқылы білінеді. Мысалы, ағылшын тілінде сөйлемдердің жиі қолданылатын түрі – қысқа бұйрық рай: Go! Stop! Relax! Қазақ тілінде мұндай ықшамдық «Жүр! Токта! Тыңда!» түрінде қолданыла бастағанымен, ағылшын тілі әсерімен кейде қасаң, контекстен ажырап кеткен үлгілер байқалады.

Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі сөз тіркестерінің қазақша сөйлемдерге енуі де кездеседі: Бұл жақсы идея! Бізде жаңа проект бар. Біз оны бірге стартап етеміз. Мұндай сөйлемдер қазақ тіліндегі синтаксистік құрылымға ағылшын сөз қолданысының ықпалын көрсетеді.

Жастардың сөйлеу тілінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің аралас қолданылуы жиі байқалады. Мысалы: «Мен бүгін лекцияға барып, кейін online meeting-ке қатысамын» немесе «Ол assignment-ін уақытында submit етпейті». Мұндай аралас сөйлеу формалары ресми емес қарым-қатынаста табиғи құбылысқа айналып отыр.

Осы жерде код араластыру (code-switching) құбылысы бойынша жастардың сөйлеу тілінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің аралас қолданылуы кеңінен таралған. Бұл құбылысты лингвистикада code-switching деп атайды. Мысалы:

«Мен бүгін meeting-ке бардым».

«Сабақтан кейін assignment-ымды жазамын».

«Бұл project-ті бірге discuss етеміз» және т.б.

Көптілді ортада мұндай аралас сөйлемдер табиғи көрінгенімен, мемлекеттік тілдің нормалары тұрғысынан қарағанда бұл тіл мәдениетінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Қазақ тілі өзінің ішкі заңдылықтары бойынша сөздердің орын тәртібін икемді құрастыра алады. Негізгі синтаксистік құрылым – бастауыш, баяндауыш және толықтауыштың табиғи реті. Сондықтан қазақ тілінің синтаксисін сақтау – тілдік норманың басты шарты.

Ғалым Н.Уәлидің пікірінше, қазіргі қазақ тілінің дамуында орысша-калькалық құрылымдарды шектеп, сөйлемдерді қазақ тілінің табиғи заңдылықтарына сәйкес қалыптастыру қажет [11].

Синтаксистік трансформация – үштілділік жағдайында тілдердің өзара ықпалының заңды нәтижесі. Дегенмен, қазақ тілінің табиғи синтаксистік жүйесін сақтау тіл мәдениетінің негізгі талаптарының бірі болып қала береді.

Қазақ тілі қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданыс тауып келе жатқанымен, үштілділік саясаты жағдайында жаңа бағыттарға бейімделу үстінде. Соның нәтижесінде қазақ тілінің функционалдық-стильдік өрісі кеңейіп, бұрын болмаған жаңа қолданыс түрлері қалыптасуда.

XXI ғасырда ғылым саласында ағылшын тілінің үстемдігі байқалады. Дегенмен, қазақ тілінде ғылыми еңбектер, диссертациялар мен оқулықтар бұрынғыға қарағанда жиі жазылып жүр. Бұл үрдіс қазақ тілінің ғылыми стильде қызмет ету мүмкіндігін арттырып отыр. Мысалы, «гипотеза», «методология», «эксперимент» сияқты халықаралық терминдер қазақша еңбектерде табиғи қолданысқа еніп, ғылыми стильдің даму бағытын кеңейтуде [12].

Мемлекеттік тіл мәртебесі ресми-іскери стильдің кеңеюіне мүмкіндік берді. Бұған дейін ресми құжаттардың басым бөлігі орыс тілінде жүргізілсе, қазіргі таңда қазақ тілінде дайындалатын ісқағаздардың үлесі артып келеді.

Мысалы:

Бұйрықтар: «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы...»

Хаттамалар: «Отырыстың күн тәртібі...»

Ресми хаттар: «Құрметті әріптес!»

Алайда ресми құжаттарда калька жолымен аударылған сөздер де жиі кездеседі: «қол қою үшін берілді», «қызмет бабында пайдалану үшін». Мұндай үлгілердің орнына қазақ тілінің табиғи стильдік мүмкіндіктерін пайдалану қажет.

Одан әрі көркем стильдегі жаңа ізденістер, қазіргі қазақ әдебиеті де үштілділік жағдайында жаңа сипатқа ие болып келеді. Жазушылар кейіпкерлердің сөйлеу тілін шынайы беру мақсатында орысша немесе ағылшынша сөздерді әдейі араластырады. Бұл құбылыс көркем шығарманың стильдік ерекшелігін арттырғанымен, қазақ әдеби тілінің тазалығы тұрғысынан даулы мәселе болып отыр.

Мысалы: жастарға арналған шығармаларда: «Сен бүгін online болдың ба?», «Мен chat-та отырдым» сияқты сөйлемдер кездесе береді. Бұл – өмір шындығының көркем әдебиетке әсері.

Публицистикалық стильдің кеңеюі. Бұқаралық ақпарат құралдары – тілдің дамуына ықпал ететін басты сала. Бүгінде қазақ тілінде шығатын газет-журналдар, интернет порталдар және телебағдарламалар саны артып келеді. Публицистикалық стильде ағылшын және орыс сөздерінің бейімделіп қолданылуы жиі байқалады: лайфстайл, тренд, рейтинг, онлайн-жоба.

Журналистикада мұндай терминдердің қолданысы тілді байытқанымен, артық қолданыс тіл тазалығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан публицистикалық стильде қазақша баламаларды көбірек қолдану ұсынылады: өмір салты (лайфстайл), үрдіс (тренд), бағалау кестесі (рейтинг).

Ғалымдардың пікірінше, көптілді орта қазақ тілінің ресми, ғылыми және тұрмыстық стильдердегі орнығуына жаңа серпін беруде. Дегенмен, мемлекеттік тілдің нормаларын сақтау басты талап болып қала береді [13].

Ауызекі сөйлеу стиліндегі өзгерістерге назар аударма кетейік, жаһандану дәуірінде жастардың ауызекі сөйлеуінде үштілділік табиғи құбылысқа айналды. Бұл стильде код араластыру кеңінен қолданылады. Сонымен бірге, жаңа қысқарған сөздер де пайда болды: универ, общага, комп, инста, видос. Мұндай қолданыстар ауызекі стильдің бейресми сипатын айқындайды.

Олай болса, қазақ тілінің функционалдық-стильдік кеңеюі – оның дамуындағы заңды құбылыс. Ғылыми, ресми, көркем, публицистикалық және ауызекі сөйлеу стильдерінде жаңа қолданыстардың пайда болуы – тілдің өміршендігін, қоғам талабына бейімделуін көрсетеді. Дегенмен, әр стильде қазақ тілінің табиғи мүмкіндіктерін сақтау – басты міндет болып қала береді.

Қазақ тілінің сөздік құрамы үштілділік жағдайында жаңа лексикалық қабаттармен толығып отыр. Әсіресе, ғылым, техника, ақпараттық технология, экономика салаларында жаңа сөздердің молынан енуі байқалады. Бұл үрдіс тілдің даму заңдылығы ретінде қарастырылса да, оның терминологиялық жүйесін қалыптастыруда арнайы саясат қажет.

Осы орайда қазіргі қазақ тілінде ағылшын және орыс тілдерінен тікелей енген сөздер белсенді қолданысқа түсуде:

Ақпараттық технология саласында: смартфон, ноутбук, чип, блогер, контент;

Экономика саласында: инвестиция, менеджмент, маркетинг, стартап, франшиза;

Күнделікті тұрмыста: онлайн, офлайн, лайк, чат, сторис.

Бұл сөздердің көбі бастапқыда бейресми ортада қолданыла бастаса, кейіннен ресми мәтіндерге де еніп келеді.

Қазақ тілінде жаңа ұғымдарға балама жасау үрдісі де белсенді жүріп жатыр. Терминком қабылдаған кейбір баламалар: құжат айналымы – документооборот, есептегіш – счѐтчик, бейнежазба – видеоролик, ғаламтор – интернет.

Алайда қоғамда бұл баламалардың барлығы бірдей кеңінен қолданыс таппай отыр. Мысалы, ғаламтор сөзінің орнына көпшілік әлі күнге дейін «интернет» деп қолданады. Бұл тілдік сана мен қоғамдық дағдының қалыптасуына байланысты.

Қазіргі кезеңде қазақ тілінде шет тілінен енген сөз бен оның қазақша баламасы қатар қолданылып жүр: интернет – ғаламтор, телефон – қоңырау соғатын құрылғы, файл – құжат, презентация – баяндама. Мұндай параллель қолданыстар уақыт өте келе сұрыпталып, бір нұсқасы тұрақталады.

Қазақстанда мемлекеттік тілдің терминологиялық қорын дамыту мақсатында арнайы комиссия жұмыс істейді. Оның негізгі міндеттері:

- жаңа терминдерге қазақша балама ұсыну;
- халықаралық терминдерді реттеп енгізу;
- көпшілікке түсінікті, қолайлы нұсқаларды бекіту.

Ғалым Ш.Құрманбайұлының пікірінше, терминологиялық саясаттың басты қағидасы – «қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін барынша пайдалану» [14].

Жаңа сөздердің пайда болуы жастардың тілінен ерекше байқалады. Олар ағылшын тілінен енген сөздерді жиі қолдану арқылы өзін «заманауи» көрсеткісі келеді. Мысалы: лайк басты, сторис салды, челендж жасады. Мұндай қолданыстар бейресми стильде қалыпты болып көрінгенімен, ресми тіл мәдениетінде шектелуі тиіс.

Қазақ тіліндегі лексикалық өзгерістер – үштілділік жағдайындағы табиғи құбылыс. Жаңа сөздер қазақ тілін байытып, жаңа ұғымдарды танытса да, оларды реттеу үшін ғылыми негізделген терминологиялық саясат қажет. Тек сонда ғана қазақ тілі әлемдік ғылыми-техникалық прогреске ілесе алады.

Үштілділік жағдайында тілдік интерференция айқын байқалады. Мәселен, орыс тіліндегі сөз тәртібі қазақ тіліне әсер етіп, сөйлем құрылымын өзгертеді. Ағылшын тілінен енген калька үлгілері («Уақытым жоқ жасауға», «Маған керек көмектесу») да кездеседі. Бұл құбылыс қазақ тілінің нормаларына белгілі бір деңгейде ықпал етуде [15].

Үштілділік саясаты қазақ тілін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беруде. Жаңа терминдер мен ұғымдарды қабылдау, халықаралық ғылыми дискурста қолданылу аясының кеңеюі қазақ тілінің әлеуетін күшейтеді. Сонымен бірге, қазақ тілінің қоғамдағы басты қызметін сақтап қалу үшін мемлекеттік қолдау мен ғылыми негізделген тіл саясаты қажет екендігі анықталды.

Қазақстанда үштілділік саясаты ең алдымен білім беру жүйесінде жүзеге асырылуда. Бұл бағытта мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қатынас тілі – орыс тілі және халықаралық

ғылым мен бизнес тілі – ағылшын тілі қатар меңгертілуі көзделген. Үштілділік білім беру саласында жаңа әдістемелік тәсілдер мен мазмұндық өзгерістерді әкелді.

Қазіргі уақыт еншісінде Орта мектептерде үш тілде білім беру бағдарламалары енгізілуде.

Қазақ тілінде – тарих, әдебиет, география пәндері.

Орыс тілінде – кейбір жаратылыстану пәндері.

Ағылшын тілінде – математика, химия, биология, информатика пәндері оқытыла бастады.

Бұл тәжірибе оқушылардың көптілді құзыреттілігін арттырып, олардың шетелдік жоғары оқу орындарына түсуіне мүмкіндік береді. Дегенмен, мұғалімдердің тілдік дайындығы мен оқу-әдістемелік базаның жеткіліксіздігі белгілі бір қиындықтар туғызуда.

Университеттерде ағылшын тілінде жүргізілетін бағдарламалар саны жыл сайын артып келеді. Мысалы, техникалық мамандықтар бойынша лекциялар ағылшын тілінде оқылады, бұл студенттердің халықаралық еңбектерді түпнұсқадан игеруіне жол ашады.

Сонымен қатар, қазақ тіліндегі оқу құралдарының көлемі де артып, ұлттық ғылымның дамуына ықпал етуде. Университеттерде үш тілде конференциялар, ғылыми мақалалар жинақтары жарияланып жүр. Бұл – қазақ тілінің ғылыми айналымдағы беделін арттыруға мүмкіндік беретін маңызды қадам.

Көптілді білім беру жастардың тілдік санасында жаңа құндылықтар қалыптастырады. Студенттер ресми ортада қазақ тілін қолданса, ғылыми мәтіндерді көбіне ағылшын тілінде жазуға бейімделеді. Күнделікті тұрмыста қазақша, орысша және ағылшынша сөздерді араластырып қолдану кең тараған. Бұл құбылыс олардың икемділігін арттырғанымен, кейде қазақ тілінің әдеби нормаларына қайшы келеді.

Осы тұста үштілділіктің артықшылықтарына келсек, айтарымыз:

- Жастардың жаһандық ақпарат кеңістігіне шығуына жол ашады;
- Ғылым мен технологияны түпнұсқада игеруге мүмкіндік береді;
- Халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

Үштілділіктің қиындықтары дегенде:

Қазақ тілінің ғылыми және техникалық стильдегі қолданысы жеткіліксіз;

Кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқыту сапаға әсер етуде;

Мұғалімдер мен оқытушылардың тілдік біліктілігі әр деңгейде.

Үштілділік білім беру жүйесінде жастардың көптілді құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етуде. Дегенмен, қазақ тілінің ғылыми тіл ретіндегі әлеуетін арттыру – мемлекеттік тіл саясатының басты міндеті болып қала береді.

Жастардың тілдік санасы және үштілділік феномені жөнінде пікірімізді жалғасақ, үштілділік саясаты ең алдымен жас буынға бағытталғандықтан, оның нәтижесі жастардың тілдік санасынан айқын байқалады. Жаһандану дәуірінде жастардың тілге деген көзқарасы, оны пайдалану дағдысы ерекше сипатқа ие болып отыр.

Жас ұрпақ күнделікті өмірде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін табиғи түрде қатар қолдана алады. Бұл құбылыс олардың тілдік икемділігін арттырып, коммуникативтік мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мәселен, жастар ресми жағдайда қазақ тілінде сөйлесе, достық ортада орысша араластырады, ал интернет пен білім саласында ағылшынша жиі қолданады.

Жастардың сөйлеу тілінде үш тілдің элементтері араласқан сөйлемдер жиі кездеседі. Мысалы: «Бүгін assignment-ымды тапсыруым керек», «Кешке meeting болады, соған баруымыз тиіс», «Бұл challenge-ті міндетті түрде орындау керек».

Бұл құбылыс жастардың тілдік санасында үш тілдің қатар орныққанын көрсетеді. Бір жағынан, бұл – коммуникативтік бейімделудің артықшылығы болса, екінші жағынан қазақ тілінің әдеби нормаларын бұзуға әкелуі мүмкін.

Жастардың қазақ тіліне көзқарасына пайымдау жасайтын болсақ, әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, жастар қазақ тілін ұлттық бірегейліктің символы ретінде қабылдайды. Көпшілігі қазақ тілін міндетті түрде меңгеруі тиіс тіл деп санайды. Дегенмен, ғылым мен техника саласында ағылшын тілін басым көріп, кәсіби ортада соған арқа сүйеуге бейім.

Ал оларға интернет пен әлеуметтік желілердің ықпалы қаншалықты деген сұраққа жауап іздеген болсақ, интернет – жастар тілдік санасының қалыптасуында ерекше рөл атқарады. Әлеуметтік желілерде үш тіл қатар қолданылады:

- қазақша – ұлттық мазмұндағы парақшаларда;
- орысша – бейресми қарым-қатынаста;
- ағылшынша – халықаралық контентті тұтытуда.

Сондықтан әлеуметтік желідегі тілдік тәжірибе жастардың күнделікті сөйлеуіне де ықпал етіп отыр.

Үштілділіктің жастарға әсері жайында ой түйіндесек, алдымен оның артықшылықтарына тоқталайық. Бұл жерде айтпағымыз:

Жаңа ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі кеңейеді;

- жаһандық білім кеңістігіне бейімделеді;
- кәсіби ортада бәсекеге қабілеттілігі артады.

Ал қиындықтары:

- қазақ тілінің әдеби нормалары әлсірейді;
- сөйлеу тілінде калька мен бөтен құрылымдар көбейеді;
- ұлттық тілдік санада ала-құлалық пайда болуы мүмкін.

Осы орайда қорытынды ойымыз, жастардың тілдік санасы – үштілділік феноменінің ең айқын көрсеткіші. Олар үшін көптілділік – табиғи құбылыс, заманауи өмірдің талабы. Дегенмен, жастар арасында қазақ тілінің мәртебесін сақтап, оның рухани-мәдени құндылығын насихаттау – маңызды міндет болып қала береді.

Қазақ тілінің даму келешегі – мемлекеттік тіл саясатының, қоғамдағы әлеуметтік сұраныстың және жаһандану дәуіріндегі тілдік бәсекелестіктің нәтижесінде айқындалмақ. Үштілділік жағдайында қазақ тілінің болашағына қатысты бірнеше бағытты ерекше атап өтуге болады.

Мемлекеттік тіл мәртебесін нығайту

Қазақ тілінің болашағы ең алдымен оның мемлекеттік тіл ретіндегі қызметін толыққанды атқаруына байланысты. Бұл үшін:

- ресми құжат айналымын толық қазақшаға көшіру;
- мемлекеттік мекемелерде қазақ тілін қолдануды қатаң қадағалау;
- азаматтардың тілдік жауапкершілігін арттыру қажет.

Мемлекеттік тілдің беделі тек заңдық негізде емес, қоғамның шынайы сұранысымен де күшейеді.

Ал қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі орны туралы мынадай пайым жасауға болады. Цифрлық дәуірде тілдің дамуы интернет пен ақпараттық технологиялардағы қолданысына тікелей байланысты. Қазақ тілінің болашағы үшін:

- қазақша мобильді қосымшалар мен бағдарламаларды көбейту;
- әлеуметтік желілерде қазақтілді контентті арттыру;
- жасанды интеллект пен аударма жүйелерін қазақ тіліне бейімдеу маңызды.

Қазіргі таңда қазақша сайттар, онлайн-кітапханалар, цифрлық оқулықтар пайда бола бастады. Бұл үрдіс алдағы уақытта кеңейе түсуі тиіс.

Еліміздің ғылым мен білім саласындағы болашағына тоқталар болсақ, айтарымыз, қазақ тілінің ғылыми тіл ретіндегі әлеуетін арттыру – басты стратегиялық міндет. Ол үшін:

- ғылыми еңбектерді қазақша жазу дәстүрін дамыту;
- халықаралық терминдерді қазақша бейімдеу;
- жоғары оқу орындарында қазақша оқулықтар санын арттыру қажет.

Ғылым тілі ретінде орнықпаған тілдің болашағы әлсіз болатыны белгілі. Сондықтан қазақ тілін ғылым мен техника саласында қолдану – ұзақмерзімді мақсат.

Қазақ тілінің болашағы жастардың қолында дей отырып, бүгінгі және болашақ жас ұрпақтың мемлекеттік тілді тек тұрмыстық деңгейде емес, кәсіби және ғылыми ортада да қолдануға

бейімделуі тиіс деп білеміз. Ол үшін жастарға арналған қазақша контент, инновациялық білім беру құралдары, мультимедиялық жобалар көбірек жасалуы қажет.

Қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде кең тарағандардың бірі. Болашақта түркі халықтарының интеграциясы арта түскен сайын, қазақ тілінің де халықаралық маңызы өседі. Түркі кеңесі, Түркі академиясы сияқты ұйымдардың жұмысы осыған дәлел.

Болашақтағы қауіптер мен мүмкіндіктер:

Қауіптер: ағылшын және орыс тілдерінің басым ықпалы, жастардың код араластыруға бейімділігі, тілдің нормаларының әлсіреуі.

Мүмкіндіктер: мемлекеттік қолдау, цифрлық технологиядағы даму, түркі интеграциясы, жастардың ұлттық санадағы белсенділігі.

Олай болса, қазақ тілінің болашағы – үштілділік жағдайында да айқын. Мемлекеттік тіл саясаты, білім мен ғылымдағы орны, цифрлық кеңістіктегі беделі және жастардың қолдауы қазақ тілін жаңа биіктерге көтереді. Тек тіл мәдениетін сақтау мен дамытуға қоғам болып үлес қосу қажет.

Үштілділік саясатының жүзеге асуы қазақ тілінің бүгінгі даму динамикасында екіжақты әсер ететін отырғандығы байыпталды. Бір жағынан, бұл саясат қазақ тілінің халықаралық деңгейде қолданылу аясын кеңейтуге, жаңа ұғымдар мен терминдерді игеруіне ықпал етсе, екінші жағынан, орыс және ағылшын тілдерінің ықпалы күшейіп, қазақ тілінің ішкі нормаларына қауіп төндіруі де анықталды.

Қазақ тілінің тұрақтылығы мен бейімделуі

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ тілінің грамматикалық құрылымы салыстырмалы түрде тұрақты сақталғанымен, лексикалық деңгейде өзгерістер айқын көрінуде. Бұл – табиғи құбылыс, себебі кез келген тіл жаһандану жағдайында жаңа сөздерді қабылдайды. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің жаңа терминдерді игеру қабілеті жоғары, яғни бейімделу әлеуеті күшті екендігін аңғаруға болады.

Код-ауысым және тілдік сана

Жастардың сөйлеу тілінде байқалған код-ауысым құбылысы тілдік сананың ерекшелігін көрсетеді. Қазіргі жастар көптілді ортаны табиғи қабылдап, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін араластыра қолдануда. Бұл жағдайдың жағымды тұсы – көптілді меңгерген тұлғаның қалыптасуы болса, жағымсыз жағы – қазақ тілінің өзіндік тазалығы мен нормаларының әлсіреу қаупі.

Интерференция және норманың өзгеруі

Тілдік интерференция қазақ тілінің сөйлем құрылымына әсер етіп, кейбір жаңа үлгілердің пайда болуына әкелді. Мысалы орыс тілінің сөз тәртібі немесе ағылшын тіліндегі калька үлгілері қазақ тілінің сөйлеу нормасында кездесіп жүр. Бұл құбылыс уақытша ма, әлде тұрақты нормаға айнала ма – ол тілдік саясат пен қоғамдағы тілдік ортаның дамуына байланысты болмақ.

Қазақ тілінің болашағы

Талқылау барысында айқындалғандай, қазақ тілінің үштілділік жағдайдағы болашағы, оның мемлекеттік мәртебесінің нақты жүзеге асуына тікелей байланысты. Егер мемлекеттік тіл білім беру, ғылым, ақпарат және технология салаларында кеңінен қолданылса, онда қазақ тілі үштілділік жағдайында жетекші рөлін сақтап қалады. Ал егер қазақ тілінің қолданылу аясы тарылса, онда интерференция мен код-ауысым құбылыстары күшейіп, тілдің табиғи дамуына теріс әсер етуі мүмкін.

Сонымен, үштілділік саясаты қазақ тілінің жаңа даму кезеңін айқындап отыр. Бұл үдерістің оң және теріс жақтарын тең дәрежеде ескеру – қазіргі қазақ тіл білімінің басты міндеті.

Қорытынды. Үштілділік саясаты Қазақстан қоғамындағы тілдік қатынастарға жаңа серпін берді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде өзінің әлеуметтік қызметін кеңейтіп қана қоймай, ғылыми, ресми, публицистикалық және цифрлық кеңістікте жаңа мүмкіндіктерге ие болып отыр. Дегенмен, үштілділік жағдайында қазақ тілінің дамуы бірқатар қиындықтармен де ұштасады.

Лексикалық, морфологиялық және синтаксистік трансформациялар тілдің ішкі заңдылықтарын сынақтан өткізуде. Жастардың тілдік санасында код араластыру, калька тәсілдері жиі кездескенімен, қазақ тілі ұлттық бірегейліктің негізгі тірегі болып қала береді.

Қазақ тілінің болашағы мемлекеттік қолдау, ғылым мен білімдегі орны, цифрлық кеңістіктегі беделі және жастардың ұлттық құндылықтарға адалдығына байланысты. Егер тілдік саясат жүйелі түрде жалғаса берсе, қазақ тілі үштілділік жағдайында да өзінің табиғи болмысын сақтап, жаңа заман талабына бейімделген қуатты тіл бола алады.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде үштілділік саясаты қазақ тілінің даму бағытына айтарлықтай ықпал ететіні анықталды. Қазақ тілі үштілді ортада өз грамматикалық жүйесінің тұрақтылығын сақтай отырып, жаңа лексикалық бірліктерді қабылдауда белсенділік танытуда. Бұл қазақ тілінің бейімделу қабілетінің жоғары екенін көрсетеді.

Негізгі қорытындылар төмендегідей:

1. Қазақ тілінің сөздік қоры үштілділік жағдайында едәуір жаңарып, ағылшын тілінен тікелей енген терминдер мен ұғымдар арқылы байып отыр. Бұл – тілдің дамуының заңды үдерісі.

2. Грамматикалық құрылымдар тұрақты сақталғанымен, сөйлеу тілінде орыс және ағылшын тілдерінің ықпалымен интерференция мен калька үлгілері кездеседі.

3. Код-ауысым құбылысы жастар тілінде жиі байқалып, көптілді тұлғаның қалыптасуына ықпал етуде. Дегенмен, бұл құбылыс қазақ тілінің әдеби нормасына теріс әсер ету қаупін де тудырады.

4. Қазақ тілінің болашағы мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесінің жүзеге асу деңгейіне байланысты. Егер қазақ тілі ғылымда, білімде, ақпараттық кеңістікте кеңінен қолданылса, онда ол үштілділік жағдайында да жетекші орынға ие болады.

Жалпы алғанда, үштілділік саясаты қазақ тілінің жаңа даму кезеңін белгілеп отыр. Бұл үдерістің нәтижесі қазақ тілінің тек ұлттық бірегейліктің белгісі ғана емес, сонымен бірге жаһандық ғылыми-коммуникативтік кеңістіктің толыққанды тіліне айналуына ықпал етуі мүмкін.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі білімінің басты міндеті – үштілділік жағдайында қазақ тілінің табиғи дамуын ғылыми тұрғыдан бақылау, жаңа терминологиялық жүйені қалыптастыру және тілдік норманы сақтау арқылы мемлекеттік тілдің әлеуетін арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы.* – Астана, 1997.
2. *Айтбаев Ө. Қазақ тілі білімінің мәселелері.* – Алматы: Ғылым, 2010.
3. *Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері.* – Алматы: Рауан, 1998.
4. *Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.* – Алматы: Ғылым, 2010.
5. *Crystal D. Language and the Internet.* – Cambridge: Cambridge University Press, 2006.
6. *Смағұлова Г. Тілдік бірліктердің прагматикалық әлеуеті.* – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
7. *Baker C. Foundations of Bilingual Education and Bilingualism.* – Bristol: Multilingual Matters, 2011.
8. *Til.gov.kz – Қазақстан Республикасы Тіл саясаты комитетінің ресми порталы [Электрондық ресурс].* – URL: <https://til.gov.kz> (қолжетімді: 2023).
9. *Махамбетова А. Қазақ тіліндегі кірме сөздер: лингвистикалық талдау.* – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
10. *Termincom.kz – Қазақстан Республикасының ұлттық терминология базасы [Электрондық ресурс].* – URL: <https://termincom.kz> (қолжетімді: 2024).
11. *Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері.* – Алматы: Паритет, 2007.
12. *Жұбанова М. Қазақ тілінің ғылыми стильдегі даму ерекшеліктері.* – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
13. *Adebiportal.kz – Әдебиет порталы [Электрондық ресурс].* – URL: <https://adebiportal.kz> (қолжетімді: 2022).

14. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Арыс, 2005.
15. Weinreich U. *Languages in Contact*. – New York: Linguistic Circle of New York, 1953.
16. Grosjean F. *Bilingual: Life and Reality*. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 2010.

References:

1. Kazakhstan Republic. (1997). *Til turaly zany [Law of the Republic of Kazakhstan “On Languages”]*. Astana. [in Kazakh]
2. Aitbaev O. (2010). *Kazakh til biliminin maseleleri [Issues of Kazakh linguistics]*. Almaty: Gylym. [in Kazakh]
3. Kaidar A. (1998). *Kazakh tilinin ozekti maseleleri [Topical issues of the Kazakh language]*. Almaty: Rauan. [in Kazakh]
4. Zhubanov K. (2010). *Kazakh tili zhonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh language]*. Almaty: Gylym. [in Kazakh]
5. Crystal D. (2006). *Language and the Internet*. Cambridge: Cambridge University Press.
6. Smagulova G. (2012). *Tildik birlikterdin pragmatikalik aleueti [Pragmatic potential of linguistic units]*. Almaty: Kazakh universiteti. [in Kazakh]
7. Baker C. (2011). *Foundations of bilingual education and bilingualism*. Bristol: Multilingual Matters.
8. *Til.gov.kz*. (n.d.). *Kazakhstan Respublikasy Til sayasaty komitetinin resmi portaly [Official portal of the Language Policy Committee of the Republic of Kazakhstan]*. Retrieved from <https://til.gov.kz> [in Kazakh]
9. Makhambetova A. (2015). *Kazakh tilindegi kirme sozder: lingvistikalik taldau [Loanwords in the Kazakh language: A linguistic analysis]*. Almaty: Kazakh universiteti. [in Kazakh]
10. *Termincom.kz*. (n.d.). *Kazakhstan Respublikasy Ultyk terminologii bazasy [National terminology database of the Republic of Kazakhstan]*. Retrieved from <https://termincom.kz> [in Kazakh]
11. Uali N. (2007). *Kazakh soz madenietinin teoriyalik negizderi [Theoretical foundations of Kazakh speech culture]*. Almaty: Raritet. [in Kazakh]
12. Zhubanova M. (2019). *Kazakh tilinin gylymi stildegі damu erekshelikteri [Features of the development of the Kazakh language in scientific style]*. Almaty: Kazakh universiteti. [In Kazakh]
13. *Adebiportal.kz*. (n.d.). *Adebiportal [Literature portal]*. Retrieved from <https://adebiportal.kz> [in Kazakh]
14. Kurmanbaiuly Sh. (2005). *Kazakh terminologiiasy: kalyptasuy men damuy [Kazakh terminology: Formation and development]*. Almaty: Arys. [in Kazakh]
15. Weinreich U. (1953). *Languages in contact*. New York: Linguistic Circle of New York.
16. Grosjean F. (2010). *Bilingual: Life and reality*. Cambridge, MA: Harvard University Press.

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

Абдиева Гульнара Муратбаевна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының докторанты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6929-0980>, e-mail: abdiyeva_gulnara@mail.ru

Серкебаева Гаухар Искакбековна – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, «Абайтану» ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері, PhD, Шымкент, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8423-1129>, e-mail: gauhar.110178@mail.ru

Зарипова Матлуба Кулфидинова – PhD, доцент, Термез мемлекеттік университеті, Термез, Өзбекстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8490-3412>, e-mail: zaripovam@tersu.uz

Смагулова Бахыт Абаевна – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6967-0190>, e-mail: bakyt28@mail.ru

Өнерхан Нурболат – Моңғолияның Гуманитарлық университеті тіл және мәдениет факультетінің докторанты, Ұланбатыр қаласы, Моңғолия, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-2068-5496>, e-mail: nurbolat.bu@gmail.com

Раджапова Наталья Базаровна – PhD, Термез мемлекеттік университетінің орыс тіл білімі кафедрасы, Термез, Өзбекстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1336-8616>, e-mail: radjarova2022@mail.ru

Онгарбаева Алия Тынысовна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3031-752X>, e-mail: aliaongarbaeva5@gmail.com

Саурбаев Ришат Жүркенұлы – филология ғылымдарының кандидаты, шетел филологиясы кафедрасының профессоры Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1419-7361>, e-mail: rishat_1062@mail.ru

Ереханова Фатима Турехановна – филология ғылымдарының кандидаты, тілдер және әдебиет кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а., Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3344-3839>, e-mail: siliconoasis702@gmail.com

Токсанбаева Тілектес Жаңабергенқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3605-8699>, e-mail: tlesha66@mail.ru

Тлеулесова Ардақ Шайкенқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3471-6109>, e-mail: tleulesova.ardak@mail.ru

Ахметова Бигайша – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8018-6532>, e-mail: bigaisha@mail.ru

Алламуратова Айсанем Жалгасбаевна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Профи» университеті, Ташкент, Өзбекстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-2326-4124>, e-mail: aysanem69@mail.ru

Алламуратова Гульсанем Жалгасбаевна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Мамуна академиясы, Хорезм, Өзбекстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0001-7094>, e-mail: gulsanem69@mail.ru

Аралтай Мейірім Азаматқызы – Сүлейман Демирель Университеті, магистрант, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-0738-0876>, e-mail: araltay01@mail.ru

Жұмақаева Береке Дәулетханқызы – Сүлейман Демирель Университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2160-8117>, e-mail: d.bereke2009@mail.ru

Кудайберген Аяулым – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2 курс магистранты, Қазақстан, Алматы, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6456-4159>, e-mail: aiaulym12.com@mail.ru

Ибраева Айзат Дюсеновна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, ф.ғ.к., қауымдаст.проф.м.а., Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8015-8593>, e-mail: Ibraevaaizat@mail.ru

Насирдинов Бауыржан Патшаханович – «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ, 3 курс докторанты, «Абайтану» ғылыми орталығының аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-3248-422X>, e-mail: NBP_D@mail.ru

Өмірзақов Саттар Досалиевич – «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ, Гуманитарлық ғылымдар ғылыми зерттеу институты «Абайтану» ғылыми орталығының басшысы, ф.ғ.к., доцент, Шымкент, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-1627-7779>, e-mail: sattar.kazgurt@mail.ru

Бибулова Меруерт Абдусаттарқызы – «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ, «Абайтану» ғылыми орталығының аға оқытушысы, магистр, Шымкент, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5405-116X>, e-mail: bibulova79@bk.ru

Сейтова Ляззат Муратхановна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының 2 курс магистранты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-2114-8696>, e-mail: seitovalyazzat2@gmail.com

Әбен Арман – «КИМЭП» университетінің магистранты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-1300-733X>, e-mail: Aerman.Abieni@kimep.kz

Сарымсақ Камила Тасбулатқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-5195-1545>, e-mail: kamilasarymsak@mail.ru

Тлеубекова Ботакоз Тургамбаевна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, академик С. Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: biko.1972@mail.ru

Оспанова Асель Кожамуратовна – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 3 курс докторанты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7323-2124>, e-mail: ospanova.ak07@mail.ru

Дуранли Муваффақ – Еге университеті, 3 курс докторанты, Измир, Түркия, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4529-2700>, e-mail: m_duranli@hotmail.com

НАШИ АВТОРЫ

Абдиева Гульнара Муратбаевна – докторант кафедры русского языка и литературы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6929-0980>, e-mail: abdiyeva_gulnara@mail.ru

Серкебаева Гаухар Искакбековна – доктор PhD, старший научный сотрудник научного центра «Абаеведение» Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8423-1129>, e-mail: gauhar.110178@mail.ru

Зарипова Матлуба Кулфидиновна – доктор PhD, доцент кафедры русского языкознания, Термезский государственный университет, Термез, Узбекистан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8490-3412>, e-mail: zaripovam@tersu.uz

Смагулова Бахыт Абаевна – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры русского языка и литературы Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6967-0190>, e-mail: bakyt28@mail.ru

Унерхан Нурболат – докторант Факультета языка и культуры Гуманитарного университета Монголии, Улан-Батор, Монголия, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-2068-5496>, e-mail: nurbolat.bu@gmail.com

Раджапова Наталья Базаровна – доктор PhD кафедры русского языкознания Термезского государственного университета, Термез, Узбекистан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1336-8616>, e-mail: radjarova2022@mail.ru

Онгарбаева Алия Тынысовна – доктор PhD, старший преподаватель кафедры русского языка и литературы Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3031-752X>, e-mail: aliaongarbaeva5@gmail.com

Саурбаев Ришат Журкенович – кандидат филологических наук, профессор кафедры Иностранная филология Торайгыров университета, Павлодар, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1419-7361>, e-mail: rishat_1062@mail.ru

Ереханова Фатима Турехановна – кандидат филологических наук, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Языки и литература», Центрально-Азиатский Инновационный университет, Шымкент, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3344-3839>, e-mail: siliconoasis702@gmail.com

Токсанбаева Тлектеш Жанаберженовна – кандидат филологических наук, доцент Казахского агротехнического университета им. Сейфуллина, Астана, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3605-8699>, e-mail: tlesha66@mail.ru

Тлеулесова Ардак Шайкеновна – кандидат педагогических наук, доцент Казахского научно-исследовательского агротехнического университета имени С. Сейфуллина, Астана, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3471-6109>, e-mail: tleulesova.ardak@mail.ru

Ахметова Бигайша – кандидат филологических наук, доцент Казахского научно-исследовательского агротехнического университета им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8018-6532>, e-mail: bigaisha@mail.ru

Алламуратова Айсанем Жалгасбаевна – кандидат филологических наук, доцент, Университет «Профи», Ташкент, Узбекистан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-2326-4124>, e-mail: aysanem69@mail.ru

Алламуратова Гульсанем Жалгасбаевна – кандидат филологических наук, доцент, Университет Маъмуна, Хорезм, Узбекистан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0001-7094>, e-mail: gulsanem69@mail.ru

Аралтай Мейірім Азаматовна – магистрант Университета имени Сулеймана Демиреля Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-0738-0876>, e-mail: araltay01@mail.ru

Жумакаева Береке Даулетхановна – кандидат педагогических наук, профессор, Университет имени Сулеймана Демиреля, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/10000-0002-2160-8117>, e-mail: d.bereke2009@mail.ru

Кудайберген Аяулым – магистрант 2 курса Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6456-4159>, e-mail: aiaulym12.com@mail.ru

Ибраева Айзат Дюсеновна – кандидат филологических наук., и.о. асоц. профессора, Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8015-8593>, e-mail: Ibraevaaizat@mail.ru

Насирдинов Бауыржан Патшаханович – докторант 3 курса НАО «Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова», магистр, старший преподаватель НЦ «Абайтану», Шымкент, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-3248-422X>, e-mail: NBP_D@mail.ru.

Умирзаков Саттар Досалиевич – кандидат наук, доцент, старший научный сотрудник НЦ «Абаеведение» научно-исследовательский институт «Социальных и гуманитарных наук» НАО «Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова», Шымкент, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-1627-7779>, e-mail: sattar.kazgurt@mail.ru

Бибулова Меруерт Абдусаттаровна – НАО «Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова», магистр, старший преподаватель НЦ «Абайтану», Шымкент, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5405-116X>, e-mail: bibulova79@bk.ru

Сейтова Ляззат Муратхановна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, кафедра русского языка и литературы, магистрант 2 курса, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-2114-8696>, e-mail: seitovalyazzat2@gmail.com

Абен Арман – магистрант университета «КИМЭП», г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-1300-73>, e-mail: Aerman.Abieni@kimep.kz,

Сарымсак Камила Тасбулатовна – студентка 2 курса магистратуры Казахского национального педагогического университета имени Абая Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-5195-1545>, e-mail: kamilasarymsak@mail.ru

Тлеубекова Ботакоз Тургамбаевна – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры казахской литературы и методики преподавания имени академика С. Кирабаева, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: biko.1972@mail.ru

Оспанова Асель Кожамуратовна – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, докторант 3 курса, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7323-2124> e-mail: ospanova.ak07@mail.ru

Дуранли Муваффах – Университет Эге, докторант 3 курса, Измир, Турция, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4529-2700>, e-mail: m_duranli@hotmail.com

OUR AUTHORS

Abdiyeva Gulnara Muratbayevna – Doctoral student of the Department of Russian Language and Literature, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6929-0980>, e-mail: abdiyeva_gulnara@mail.ru

Serkebayeva Gaukhar Iskakbekkyzy – PhD, M. Auezov South Kazakhstan University, senior researcher at the “Abai Studies” Scientific Center (Shymkent, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8423-1129>, e-mail: gauhar.110178@mail.ru,

Zaripova Matluba Kulfidinovna – PhD, Associate Professor of the Department of Russian Linguistics, Termez State University, Termez, Uzbekistan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8490-3412>, e-mail: zaripovam@tersu.uz

Smagulova Bakhyt Abayevna – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer of the Department of Russian Language and Literature of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6967-0190>, e-mail: bakyt28@mail.ru

Unyerkhan Nurbolat – Doctoral student, Faculty of Language and Culture, Humanities University of Mongolia, Ulaanbaatar, Mongolia, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-2068-5496>, e-mail: nurbolat.bu@gmail.com

Radzhapova Natalia Bazarovna – PhD, Department of Russian Linguistics, Termez State University, Termez, Uzbekistan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1336-8616>, e-mail: radjapova2022@mail.ru

Ongarbayeva Aliya Tynysovna – PhD, Senior Lecturer, Department of Russian Language and Literature, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3031-752X>, e-mail: aliaongarbaeva5@gmail.com

Saurbayev Rishat Zhurkenovich – Candidate of Philological Sciences, Professor of the Department of Foreign Philology Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1419-7361>, e-mail: rishat_1062@mail.ru

Yerekhanova Fatima Turekhanovna – PhD, Acting Associate Professor of the Department of Languages and Literature, Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3344-3839>, e-mail: siliconoasis702@gmail.com

Toksanbayeva Tlektesh Zhanabergenovna. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Seifullin Kazakh Scientific Research Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3605-8699>, e-mail: tlesha66@mail.ru

Tleulesova Ardak Shaikenovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of S. Seifullin Kazakh Scientific Research Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3471-6109>, e-mail: tleulesova.ardak@mail.ru

Akhmetova Bigaisha – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of S. Seifullin Kazakh Research Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8018-6532>, e-mail: bigaisha@mail.ru

Allamuratova Aisanem – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, «Profi» University, Tashkent, Uzbekistan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-2326-4124>, e-mail: aysanem69@mail.ru

Allamuratova Gulsanem – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Mamun Academy, Khorezm, Uzbekistan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0001-7094>, e-mail: gulsanem69@mail.ru

Araltay Meirim Azamatkyzy – Master’s student at Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-0738-0876>, e-mail: araltay01@mail.ru

Zhumakayeva Bereke Dauletqhanovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2160-8117>, e-mail: d.bereke2009@mail.ru

Kudaibergen Ayaulym – Second-year master's student at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6456-4159>, e-mail: aiaulym12.com@mail.ru

Ibraeva Aizat Dyusenovna – Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8015-8593>, e-mail: Ibraevaaizat@mail.ru

Nasirdinov Bauyrzhan Patshakhanovich – Doctoral student 3st year, M. Auezov South Kazakhstan University, Master, senior researcher of the Research Center "Abai Studies" of Shymkent, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/000-0002-6285-5579>, e-mail: NBP_D@mail.ru.

Umirzakov Sattar Dosalievich – Candidate of Sciences, Associate Professor, Head of the Scientific Center "Abai studies" of the Research Institute of Social and Humanitarian Sciences of the NJSC "M. Auezov South Kazakhstan University", ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-1627-7779>, e-mail: sattar.kazgurt@mail.ru

Bibulova Meruyert Abdusattarovna – M. Auezov South Kazakhstan University, Master, senior researcher of the Research Center "Abai Studies" of Shymkent, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5405-116X>, e-mail: bibulova79@bk.ru

Seitova Lyazzat Muratkhanovna – 2nd-year Master's student, Department of Russian Language and Literature, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-2114-8696>, e-mail: seitovalyazzat2@gmail.com

Aben Arman – Master's student, KIMEP University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-1300-73>, e-mail: Aerman.Abieni@kimep.kz

Sarymsak Kamila Tasbulatovna – 2nd year master's student at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-5195-1545>, e-mail: kamilasarymsak@mail.ru

Tleubekova Botakoz Turgambaevna – Candidate of Philological Sciences, Senior lecturer at the Department of Kazakh Literature and Teaching Methods named after Academician S. Kirabaev Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: biko.1972@mail.ru

Ospanova Asel Kozhamuratovna – Al-Farabi Kazakh National University, 3rd year doctoral student, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7323-2124>, e-mail: ospanova.ak07@mail.ru

Duranli Muvaffak – Ege University, 3rd year doctoral student, Izmir, Turkey, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4529-2700>, e-mail: m_duranli@hotmail.com